



# ТҰРАН

*Тынысы*

№3 (3) / Ақпан 2023 жыл

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ



**ТӘРБИЕ - МЕКТЕПТЕГІ БАСТЫ ӘНІМІЗ,  
ОТАНСҮЙГІШ БОЛАДЫ ЖАСТАРЫМЫЗ!**

Бұл басылым — Тұран мектебінің төл туындысы

# «Екі жұлдыз» ән байқауы

Мектебіміздің тәрбие ісінің орынбасары Медетбекова Асем Ақтайқызының ұйымдастыруымен «Екі жұлдыз» ән байқауы өткізілді.

Байқаудың мақсаты: Дарынды балаларды анықтап, шығармашылық қолдау көрсету, әншілік қасиеттерін, өнерге деген құштарлығын ояту. Ұстазбен оқушы арасында тығыз байланыс орнату.

Байқау талаптары екі шарттан тұрды:

1. Қазақша әндерді орындау
2. Басқа ұлт әндерін орындау

Байқауға 5,6,7 сыныптар арасында, жалпы 8 жұл болып қатысты. Осы жұлтардың ішінен III-орынды Айсапар Мадиярқызы және 5 «А» сынып оқушысы Қалжгіт Зейнеп, II-орынды Асылбек Абайұлы мен 6 «Ә» сынып оқушысы Несіпбай Саржан, I-орынды Рано Егизбаевна мен 5 «Э» сынып оқушысы Тілеуқабыл Айару алды. Өз өнерлерін жоғары дәрежеде көрсете білген, Гүлжахан Абдуллаевна мен 7 «А» сынып оқушысы Жамбыл Сауле «Бас жұлде» иеленді.



# ЖҰЛДЫЗЫ ЖАРҚЫН ЖАС ӘНШІ

Аспаннан жаңа бір жұлдыз жарқырағандай, эстрада әлеміне тағы бір талантты жаңа жас әнші қосылды десек қателеспейміз. Жас әнші Бекбосын Кәусар Нұрболсынқызы 16.11.2013 жылы дүниеге келген. Шымкент қаласының тумасы. Қазіргі уақытта Тұран ауданында орналасқан Turan mektebi-нің 3 «Ә» сынып оқушысы. Көп балалы отбасынан шыққан Кәусардың ағасы, сіңлісі және 2 інісі бар. Әкесі - омарташы. Анасы - мектеп мұғалімі.

Талантты әнші Кәусардың бұл саланың жас майталманы атануы балалық шақтан бастау алған. Ол 3 жасынан бала- бақшадан өнерін көрсете білген. 5 жасынан «Қарақат» өнер мектебінің вокал үйірмесіне қатыса бастады. Ал қазіргі уақытта Сәкен Майғазиевтың «SMART» өнер мектебінде вокал үйірмесінде білім алып келеді. Сәкен Майғазиев ағамыз «SMART» өнер мектебіне келген кезде Қарақат Әбділдинаның «Ана» әнін орындап ерекше мақтау алған. Мұнымен қоса түрлі байқаулардың жеңімпазы атанып үлгірген талантты өнерпаз облыстық, республикалық, байқаулардан жоғары жетістіктермен оралуда. Айтар болсақ, ең алғашқы конкурсы 2022 жылы «Жастар» театрында Республикалық балалар мен жасөспірімдерге арналған «BALA SING –show» фестивалінде «Титаник» әнін орындап, «Бас жүлде» иегері атанған. Мұндай жеңістер зор талап пен тынымсыз еңбектің арқасында келеді.

Мұнымен қоса жұлдыздай жарқыраған жас әншіміз өз өнерін паш ету үшін әрі қарай ұмтылуға байлаған. Ұлыстың Ұлы күні «Наурыз» мейрамына орай ұйымдастырылған мерекелік іс - шарада ән айтып, «Nauruz Park» сауда үйінің басшысы Б.Қ. Тастанбеков мырзадан алғыс хатпен марапатталды.

Жас талант 28.03.2022 жылы «Атадан мұра» қоғамдық қорының бүлдіршіндер, мектеп оқушылары мен жасөспірімдер арасында ұйымдастырылған Республикалық «ART БАЙТЕРЕК» байқауында «Кукушка» әнін орындап, I орын иеленді.

Қазақстан халқы үшін ең ірі мерекелердің бірі болып саналатын «1- мамыр Қазақстан халқының Бірлік күніне» орай ұйымдастырылған Түркістан мәдениет үйінде өткен іс - шарада «Қазағымсың» әнін орындап, мақтау қағазымен марапатталды.

Ел батамен көгерер дегендей, 4 - маусым 2022 жылы «GRAND балық» кафесінің ашылуына шақырылып, ән орындап, Төрәғали Төрәлі әншінің әкесі Төрәлі Төлепов ағамыздан ақ батасын алды.

14 - маусым 2022 жылы «SMART» өнер мектебінің Сәкен Майғазиевтың қатысуымен жарты жылдық есеп беру концертінде «FORTE» триосы болып «Сүгірдің термесі»



әнін орындап ерекше көзге түсе білді.

Кәусардың жарқ еткен жұлдызының әрі қарай өрбуі «Бәрі түзеліп келеді...» атты жолдардан құралған әнінің жарық көруі еді. Бұл ән 17 - маусымда әлеуметтік желіде көп қаралым жинаған Алау тобының бұрынғы әншісі Ербол Салықбаевпен бірге орындаған «Көкжиек» әні еді.

30 - маусымда Түркістан қаласында ұйымдастырылған «Ұлы дала Ұрпағы» Республикалық байқауында «Титаник» әнін орындап, бас жүлде иеленіп, Көкшетау қаласында өтетін суперфиналға жолдама алды.

25 - шілді 2022 жылы Отырар телеарнасының «Жаңа күн» бағдарламасына шақырылып, сұхбат берді.

19 - тамыз 2022 жылы Гипер Хаус сауда үйінде «Дос» ерлер сауда дүкенінің ұйымдастыруымен концертке шақырылып, авторлық «Көк жиек» әнін орындап, ерекше қошеметке ие болды.

2022 жылдың 25 - тамызында Алматы қаласында «Қызық Life» бағдарламасына қонаққа шақырылып, НТК және ютуб каналдарында көрсетілді.

Жезтаңдай әнші 2022 жылы қазан айында Шымкент қаласында Оқушылар сарайында «JASSTAR» халықаралық байқауында «Жұмақ мекен» әнін орындап, Бас жүлде иеленіп, Астана қаласына жолдама алды.

Қараша айында Алматы қаласында «SUCCESSFULLY PERSON 2022 OF KAZAKHSTAN» үздік премиясымен, жылдың «Ең үздік әншісі» дипломымен және қызыл клеммен жүріп, Қазақстанның әлем чемпионы Еркебұлан Тоқтардан «Ең үздік» әнші дипломымен марапатталды. Сонымен қатар Астана қаласында өткен Халықаралық балалар және ересектер арасындағы шығармашылық көп жанрлы "JASSTAR " конкурс фестивалінде «1944 - Украина» әнін орындап, бас жүлде алып,

суперфиналға жолдама алды.

12.12.2022 жылы Smart өнер мектебінің «Жаңа жылдық» және бір жылдық есеп беру концертінде Сәкен Майғазиеттың қолынан Алғыс хатпен марапатталды.

19.02.2023 жылы Шымкент қаласында Опера балет театрында өткен «Zibek Zholy Kazakhstan» байқауында орындаушылар арасында вокалдық шеберлігімен қазыларды тәнті етті. Аталған ауқымды жобадан әнші Кәусар «NEWER» әнін орындап, бас жүлдегер атанып, Туркия еліне тегін жолдамаға ие болды. Кәусардың бойындағы мұндай таланты әлі талайды мойындатары анық.

2023 жылы ақпан айында өтетін «Қазақстан дауысы балалар» көрмей таңдау жобасына іріктеуден өтіп, жолдама алды. Жас әншіміздің Ұлттық арнада жыл сайын өткізілетін бұл жобаның алдағы кезеңінде де жүлделі орын алады деп сенеміз. Жас талант қазіргі таңда аталған жобаның келесі кезеңдеріне дайындалуда. Өз кезегінде еліміздегі мега жобаның қатысушысы Кәусар Нұрболсынқызының қазақ өнерін әлемге танытқысы келетінін, сол жолда аянбай еңбек ететініне сенімі мол.

Жас та болса, осындай талантымен ел көзіне ерте түскен Кәусар қызымыз тек өнерде емес оқуда еңбеккөрәрі ізденімпаз шәкірттеріміздің бірі. Алдағы уақытта еліміздің «Халық әншісі» құрметіне жетеді деп сенеміз. Жас әншіміздің жолы ашық, маңдайы жарық, жұлдызы биік болсын! Шәкіртінің кез келген бағындырған белесі ұстазы үшін үлкен мәртебе дегендей, жалғыз ауданның емес, республикатының атын шығарып, халықтың қалаулы қызы болуына тілектеспіз.



# ТАҰДАЙ МЕНІҢ ТАЛАБЫМ

*Мықтыбек Қарақат «2Б» сыныбы*

*Талабым — тартуындай ізгі әнімнің,  
Өнер жолы жайнауы жүз жанымның.  
Мықтылардың жалғайтын салған ізін,  
МЫҚТЫБЕК ҚАРАҚАТТАЙ қыздарыңмын.  
Намыс туын жықпаған жалпы қолдан,  
Шәкірттері қарыштап қарқын алған.  
Білім нәрін санаға сіңірген бойымызға,  
"ТҰРАН" мектеп тұғырлы алтын ордам.  
Сабақта білім алып табамыз жай,  
Тәлім мен тәрбиеге санамыз бай.  
Екінші "Б" сыныбы мақтанышым,  
АЙША апай аяулы анамыздай.  
Мың бұрала би билеп әсем әнге,  
Бақытты да баянды күйге енемін.  
Басымдағы бақ құсы салып әнін,  
Би билесем жайнадым, жадырадым,  
Бәйгелерде берместен қатар алдын,  
Жүзден жүйрік әлі көп атанармын.  
Әкешім полиция боп еңбек етер,  
Ақ сенімін ақтаймын ата-анамның.  
Қолына адалдықтан шам ұстаған,  
Айшадай апайымнан дәріс табам.  
Озат боп оза шығып қатарымды,  
Мектебім, биіктетем атағыңды,  
Жастардың бірі болып рухы биік,  
Жасаймын болашаққа сапарымды!*



*Тамабай Шахбану «2Б» сыныбы*

Мен Тамабай Шахбану жасым 8-де "Тұран" мектебінің 2"б" сыныбының оқушысымын. Менің сүйікті ісім сурет салу. Мен сурет салғанды ұнатамын. Әсіресе табиғаттың суретін салуды. Сурет салу арқылы мен өзімнің миымды тынықтырамын. Ұзақ уақыт сурет салып отсам да мен шаршамаймын. Себебі ол менің сүйікті ісім. Ал адам өзінің сүйікті ісінен жалықпайды. Әр адамның өзіне тән ерекшелігі, өнері болады. Мысалы, кейбіреулері кестелеп тіксе, кейбіреулері дәмді тағамдар жасайды. Ал, менің сүйіп айналысатын ісімнің бірі – сурет салу. Негізінен, суретке деген құштарлығым кішкентайымнан бар дейді анам. Қағаз бетіне кез-келген мүсінді, адамды, я табиғат көрінісін түсіруге тырысатынымын.

Келешекте атақты суретші болсам деймін. Қазақстанымыздың атағын әлем деңгейіне шығарып, дүниежүзіне танытқым келеді.

*Мен достарыма қарап алдым,  
Қолға қағаз, қалам алдым.  
Дөңгелетіп басын салдым,  
Екі сызып, шашын салдым.  
Ұқсатқан жөн түрін енді,  
Міне, мынау мұрын енді.  
Салынды езу, құлағы енді.  
Күлімсіреп шыға келді,  
Ең соңынан көзін салдым,  
Айнымаған өзін салдым.*

## Робототехника — заман талабы



*Ғабит Бекнұр*

14 ақпан 2013жыл Шымкент қаласында дүниеге келген. 4 жасынан бастап леґо құрастырып, қызығушылығы артқан. Робототехникаға 2022 жылдың қараша айынан бастап арнайы курстарға барды. Өзінің жасындағы балалардан жақсы құру барысында жоғарғы деңгейде болды. Неше түрлі жүретін көліктер, роботтар құрастырып сайыстарға түсті. 2023 жылдың қаңтар айынан бастап Шымкент қаласы «Turan mektebi»-нің 4 «B» сыныбына қабылданды. Оқу барысында үлгерімі жақсы. 2023 жылдың қаңтар айында, Шымкент қаласында робототехника жарысына қатысып I-орын алды. Астана қаласына жолдама берілді.

## Спорт – бақытқа бастар жол

*Мырзағалы Айдынбек Айдарбекұлы*

22.05.2016ж Түлкібас ауданында дүниеге келген. 2022 жылы Шымкент қаласындағы «Turan mektebi»-нің 1 «A» сыныбына қабылданды. Қазіргі уақытта үздік оқушы, жас спортшы. Киокушинкай каратэге барып жүргеніне 1жыл болды. Киокушинкай каратэ бойынша 9кэ, 10кэ дәрежелерінде 2 пойсты алған. Шымкент қаласының ашық біріншілігінде II-орын, Шымкент қаласының екінші чемпионатында III-орын алды.



**Байжұма Жаннұр Бағланқызы Республикалық “Самұрық” математикалық зияткерлік олимпиадасынан II-орын, Республикалық “Ой-сана” зияткерлік олимпиадасынан I-орын иеленген.**



**4 «А» сынып оқушысы Асылхан Ернұр спорттың  
«Джиу Джитсу» секциясына қатысып,  
Алматы қаласында өткізілген жарыста бірінші орынды иеленді.  
Шымкент қаласында өткізілген жарыстарда да  
көптеген жүлделі орындарды иеленген.**



**4 «А» сынып оқушысы  
Ертай Әділет  
2022 жылы «Қолөнер және сурет»  
үйірмесінен көрмеде 1-орын иеленді.**



**Жұмәлі Арнұр Шымкент қаласында  
Жұлдыз спорт клубының ашылғанына  
1 жыл толуына орай Тасбауов Құдайберген  
атамыздың құрметіне өткізілген  
ашық турнирінде 26 килограмм салмақта  
11-орын жүлдесін алды.  
Диплом және медальмен марапатталды.**

## ШЫНЫҚСАҢ , ШЫМЫР БОЛАСЫҢ!

“Turan mektebi” –нің жанынан ашылған «AQ–BARƧ» спорт клубына 5 “Б” сынып оқушылары дзюдомен шұғылданып ,жақсы жемістерге жетіп жүр. 2023 жылдың ақпан айында Шымкент қаласында дзюдодан кіші жасөспірімдер арасында өткен қаланың ашық біріншілігінде Олжас Жұмабекұлы жаттықтыруының арқасында Қадырбай Нұрасыл – II орынды , Келесхан Бақсейіт – III орын ,Кеңесбек Рамазан – III орынды иеленді.





# Ата-анамызды ана тілінде ардақтайық!

Ұзақ жылдарға созылған отаршылдық езгі халқымыздың тағдыр-талайына өз таңбасын қалдырып, ұлттық құндылықтарымыздың тамырына балта шапты. Тіпті, дүниедегі ең асыл, ең абзал, ең аяулы, ең қымбатты, ең ардақты жандарымызды бөгде елдің тілімен атайтын болдық. Анамызды «мама», әкемізді «папа» деп айтпасақ, тап бір өркениеттен қалып қоятындай сезінеміз. Бізбір жастарымыз шешесі мен әкесін «махан», «пахан», немесе «маханья», «паханья» деп әспеттейді. Бұған баланың тілі де, ата-ананың құлағы да үйренгені қаш-шан. Оны айтасыз-ау, баланың тілі енді шығып келе жатқанда ата-ананың өзі осылай айтуды үйретеді емес пе?

Демек, бұл – құлдық санада қалыптасып, орнығып, тілімізге дендеп еніп алған дерт.

Ендеше, дүниедегі ең асыл, ең абзал, ең аяулы, ең қымбатты, ең ардақты жандарымызды ана

тілімізде атауға неге болмасқа! Анамызды «Ана», «Анашым», «Анатый», «Анажан», «Апа», «Шеше» деп, ал әкемізді «Әке», «Әкешім», «Әкетай», «Көке» деп.

Құрметті ата-аналар! Өз балаларыңыздан өздеріңізді ана тілінде атауды талап етіңіздер!

Құрметті балалар! Сендер ата-аналарыңды ана тілінде атаңдар. «Ата», «Әже», «Апа», «Көке», «Әкетай», «Тәте», «Жеңеше» деген сөздерде қандай күдірет барын сезініңдер! Ата-аналарыңды құрметтендер!





# Наурыз

5 “Э” сынып оқушысы Оңалбек Каусар

Өз-Наурыз Қазақта жыл басы наурыздан басталады. Жаңа жылдың бастауы саналатын Ұлыстың ұлы күні Өз Наурыз ежелден келе жатқан адамзаттың ең көне мерекесі. Өз Наурызда күн мен түн теңеліп, Жер ана мен табиғат қайта түлеп, жаңарып, тіршілік атаулы шаттыққа кенеледі. «Наурыз» деген атаудың өзі парсы тілінен алғанда «Жаңа күн» деген мағынаны білдіреді. Яғни жаңа күннің, жаңа тіршіліктің жаршысы деп қарап, мерекені ерекше атап өткен. Бұл күндері жеті түрлі дәмнен қазан-қазан наурыз көже әзірленіп, ақ дастархан жайылып, ұлттық тағамдарымыз бауырсақ, жент, майсөк, қазы-қарта, сондай-ақ ағарғанға толады. Арықтар тазаланып, жас көшеттер егіліп, айналаға тазалық жүргізіледі. Араздасқандар татуласып, үлкендер ақ батасын беріп, жастар жағы түрлі ұлттық ойындар ойнап, ән салып, би билейді. Бұл айда қазақтың кең

даласын Қызыр баба кезіп адам баласына құт-береке, бақ-дәулет, бақыт пен байлық сыйлайды деген наным бар.

Наурыз мерекесін менің отбасымда ерекше атап өтеді. Анам жеті түрлі дәмнен, яғни қыстан қалған соғымның әбден сүрленген етінен түрлі дәмді-дақылдар, айран, тұз және су қосып дәмді наурыз көже жасайды.

Менің мектебімде де наурыз мерекесін сыныптастарым және ұстаздарыммен атап өтеміз. Мектептің ауласында дастарқан жайылып, түрлі ұлттық тағамдар қойылады. Ал біз наурыз көже ішіп, түрлі ұлттық ойындар: арқан тартыс, асық ату, күрес сияқты ойындар ойнап, ән салып, би билеп өнер көрсетеміз. Ырыс-ынтымақтың, молшылықтың, берекенің символы болған Ұлыстың ұлы күні Өз Наурыз мерекесі баршамызға құтты болсын!

1.		<b>Н</b>					
2.		<b>А</b>					
3.		<b>У</b>					
4.					<b>Р</b>		
5.					<b>Ы</b>		
6.					<b>З</b>		

1. Ас атасы - .....
2. Ұлттық киім.
3. Киіз үйдің бөлшегі.
4. Ұлттық ойын
5. Ағарған құйылатын ыдыс.
6. Туған жерге ең бірінші ұшып келетін құс.

Наурыз мейрамы  
құтты болсын!



# Жаңалыққа жаны құмар ұстаздар!

*Ақырын жүріп, анық бас  
Еңбегің кетпес далаға.  
Ұстаздық еткен жалықпас,  
Үйретуден балаға.  
(Абай Құанабаев)*

Мектептің жүрегі – ұстаз десек, сол ұстазға жылдан-жылға талап та жоғарылауда. Қазіргі заман талабына сай білім беру үшін, күннен күнге білімді жетілдіріп тұрмаса, өскелең ұрпаққа өнеге болмас. Осы орайда мектебіміздің ұстаздары Біріккен Араб Әмірліктерінің Дубай қаласында өткен халықаралық ғылыми-тәжірибелік, педагогикалық «XII Global teaching Dubai» атты семинарға қатысып, өз тәжірибелерін арттырып келді. Бірнеше мемлекеттің ұлы мамандық иелері қатысқан бұл іс-шара барысында ұстаздарымыз

бірнеше тақырыпта баяндама жасап, өз ойларымен бөлісті. Бастауыш сынып мұғалімі Бердикулова Малика Смайловна және ағылшын тілі пәні мұғалімі Кушкарлова Қанағат Анарбекқызы, өз мамандықтары бойынша әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданудың әдістерін үйреніп, белсенді қатысып, GBS халықаралық университетінің II дәрежелі халықаралық дипломы мен халықаралық сертификаттарына ие болды. Дубай қаласында баяндаманы жоғары деңгейде қорғап ағылшын тілі пәні мұғалімі Кушкарлова Қанағат Анарбекқызы Париж қаласындағы Sorbonne университетіне арнайы шақырту алды. Білімді ұрпақты, бәсекеге қабілетті мамандарды білімді мұғалімдер, жан-жақты кемел ұстаздар ғана тәрбиелеп шыға алады.

Ұстаздарымызға толағай табыстар тілейміз!





# Ана

«Тұран мектебі» Агабек Әсел Бағдатқызы,  
8»А» сынып оқушысы.

Ана деген сөз әр адам баласына өте жылы естілетін шығар, ана деген сөз жүрекке ерекше сезіммен естіледі.

Ана дегенде жүрек елжіреп, ерекше сезімге толады.

Ана - адам баласында бар ең ғажап дүниелердің бірі болып есептеледі, себебі ана жүрегі бала деп соғып тұрады, бала жүрегі ана деп соғып тұрады, осылай ана мен бала арасында ең мықты байланыс орнығады. Ана бізді алдыға жетелеп тұратын шабыттардың бірі, анаға бүкіл әлемді сыйласаң да ана алдындағы борышты орындау мүмкін емес шығар, себебі ананың балаға беретін махаббаты шексіз.

Ана мен үшін ең мықты жан секілді, себебі ана баласына өз көз жасын көрсеткісі келмейтін

секілді және анаға қаншалықты қиын болса да, ана бала үшін берілмей, алдыға ұмтылады, міне ана жүрегі балам деп соғып тұрады.

Ананың әр айтқан сөзі бала үшін өте маңызды, ананың бір жылы сөзі балаға үлкен қуаныш пен бақытты сыйлайды.

Ана баласының жанында болғанда, бала ең мықты адам болып есептеледі, себебі ана баласын құлатпай ұстап тұратын жан.

Ана бала үшін бақыт, шабыт, қорғаныш және бүкіл әлем. Бала ананың барына әрқашан шүкіршілік ете білсе... Жаратушы ием, рақмет балаға ана деген бақытты сыйлағаныңызға.

Ана, сізге үлкен алғыс білдіреміз.

## 1)

Жалқы есімдермен сөйлемдерді толықтырып жаз.

Менің туған жерім-\_\_\_\_\_.

Менің атым-\_\_\_\_\_, әкемнің аты-\_\_\_\_\_.

Анамның аты-\_\_\_\_\_.

Үйде кішкентай күшігім бар.

Оған \_\_\_\_\_деп ат қойдым.

# 2)

Семантикалық картамен жұмыс.

<i>Зат есім</i>	<i>Жалқы есім</i>	<i>Жалпы есім</i>
<i>Алакөл</i>		
<i>кітап</i>		
<i>Үшарал</i>		
<i>Айжан</i>		
<i>доп</i>		
<i>балық</i>		
<i>Талдықорған</i>		
<i>марал</i>		
<i>Алматы</i>		

# 3)

Сурет бойынша торкөз санына сәйкес келетін сөздерді тауып жаз.

The crossword puzzle grid consists of a vertical word 'ЗАТ' (ZAT) and a horizontal word 'ЕСІМ' (ESIM) intersecting at the letter 'Т'. The grid is surrounded by illustrations of various objects: a plate with a bun, a book, a bar of soap, a bowl, a rocking chair, a comb, and a steamship.



# РЕБУСЫ ДЛЯ ДЕТЕЙ



Педагог-исследователь, учительница русского языка и литературы школы «Туран» Жалпарова Г.А.

Ребусы для детей можно использовать на занятиях по русскому языку или окружающему миру, а также при подготовке конкурсов, викторин, в группах продленного дня. Задания ребусов помогут интересно провести время за разгадыванием зашифрованных загадок. Ребусы развивают логическое мышление и внимание и учат правилам русского языка.

Детские кроссворды с картинками могут стать интересным и полезным досугом для ребят, которые увлекаются разгадыванием различных головоломок, ребусов и кроссвордов в свободное от учебы время.

## Ребусы для детей "Узнай время года"

Если ты правильно разгадаешь зашифрованные слова, то узнаешь, какое время года скрывается в ребусе. Запиши свои ответы в клеточки справа.



Ребусы для детей "Узнай время года" подойдут малышам дошкольного возраста и ученикам младших классов. Если ребенок никогда не разгадывал ребусы, растолкуйте ему принцип решения этих заданий, а именно: что обозначают запятые перед и после картинки, а также, что значит равенство между двумя буквами над картинкой. В данном задании малыш должен правильно разгадать зашифрованные слова, чтобы узнать, какое время года скрывается в ребусе.



## “По страницам занимательной грамматики. Люби, цени и знай русский язык”

Абдулдаева Шынар Сапаровна

### Цели:

- Учить детей решать занимательные задачи на логическое мышление по русскому языку.
- Развивать в детях творческие и интеллектуальные способности.
- Воспитывать в детях любовь к русскому языку и прививать интерес к предмету.

### I. Думайка.

1) Хорошо ли вы помните алфавит? Как называется её первая буква? Вот с неё мы и начнем свою игру.

- Посмотрите, какая лесенка составлена из

Т	Х	Т	Ё	И
У	О	А	Т	Й
Д	Д	М	З	В
А	И	Ж	Л	О
Н	Т	И	Ю	Л
Е	Е	В	Щ	К

существительных, начинающихся с буквы а. В ней 9 ступенек, в каждом следующем слове на одну букву больше, чем в предыдущем.

### Задание:

1	А								
2	А								
3	А								
4	А								
5	А								
6	А								
7	А								
8	А								
9	А								

### II. Прочитайка.

Прочитайте, если сможете.

Мы восприняли от греков способ письма слева направо и сверху вниз. В древности же многие народы писали справа налево. Евреи и персы и сейчас пишут так. Китайцы пишут свои иероглифы особым образом: они рисуют тушью знаки вертикальными колонками сверху вниз, начиная с правой стороны листа.

Вообразите себя на минуту исследователями древних письмен и попытайтесь расшифровать эту таинственную надпись. Какой порядок чтения вы выберете?

### Задание:

О	И	Е	М	Е	А
М	П	И	И	Т	Р
Ь	А	Н	Н	И	Б
С	Н	А	В	Т	О

*Читайте снизу вверх, начиная с нижнего правого угла).*

Вышли как-то лунным вечером зайцы на прогулку, хотели в лес забраться, но на опушке увидели большой камень, на котором что-то написано, Смотрят зайцы и недоумевают.

Белка, сидящая на камне, кричит им сверху, каким образом прочесть эту таинственную надпись, но зайцы, к сожалению, не знают беличьего языка, а сами не могут никак разгадать, что написано.

Помогите зайцам прочесть эту надпись.



1. Мера площади;
2. Попугай;
3. Птица;
4. Артист;
5. Запах;
6. Южный фрукт;
7. Вид спорта;
8. Наука о сельском хозяйстве;
9. Раздел математики.

Заполните пустые клетки так, чтобы получились слова с такими значениями.

**Задание:**

Читаем сверху вниз, начиная с верхнего левого угла.

**III. Задачи–шутки. Загадки–шутки.**

(Для ответов подбирайте только существительные).

1. Что можно видеть с закрытыми глазами?
2. Ты за ней, она от тебя, ты от неё, она за тобой.
3. Чем больше из неё берёшь, тем больше она становится.
4. Кто говорит на всех языках?
5. Сидит кошка на окошке, голова и хвост, как у кошки, но всё же не кошка. Что это за зверь?
6. Какой месяц короче всех?
7. Какая птица больше всех похожа на утку?
8. Чему на свете нет ни меры, ни веса, ни цены?
9. В каком месяце люди меньше всего разговаривают?
10. Без чего не испечешь хлеба?

Учитель русского языка и литературы в казахской школе.

Образование – высшее, Международный казахско-турецкий университет имени Х.А.Ясави, филологический факультет, магистр педагогических наук.

Опыт работы:


- 2004-2005гг. Средняя школа имени Шакарима, учитель русского языка и литературы;
- 2007-2010 гг. Средняя школа №30 имени О.Жандосова, г.Шымкент, учитель русского языка и литературы;
- 2010-2020 гг. Южно-Казахстанская медицинская

**IV. Поле чудес».**

- Это слово из шести букв можно найти на полу.
- П - - - - -
- Отними одну букву – и оно уже в руках человека, возвращающегося из магазина.
- П - - - -
- Ещё одна потерялась – ищи слово в дипломатических документах.
- П - - -
- Букв стало на одну меньше, а злополучное слово знает каждый шахматист.
- П - -
- Осталось всего две буквы, слово стало совсем лёгким и закружилось в танце.
- П –

**V. Соображайка.**

Прочитайте высказывание, которое вам написал Н.Г.Чернышевский.



Прочсть высказывание вам помогут верхние буквы.

академия, старший преподаватель русского языка  
- 2020-2022 гг. Общеобразовательная школа «Жалын»  
- 2022-2023 гг. Turan mektebi  
Квалификационная категория – модератор  
Педстаж – 16

«Ученик – это не сосуд, который надо наполнить, а факел, который надо зажечь...»

Учитель- это свеча, которая светит другим, сгорая сама».

Джованни Руффини

## КРОССВОРД « ГЕРОИ МУЛЬТФИЛЬМОВ «ДИСНЕЙ» »

*По горизонтали:*

1. Как звали красавицу с 21-метровой косой?
2. Прекрасная принцесса, которая попала в дом семи гномов.
4. Он нашел в пещере волшебную лампу.
5. Как звали храброго олененка, который стал принцем леса?
7. Правитель подземного царства в мультфильме «Геркулес».
8. Худощавый друг кабана из мультфильма «Король Лев».
9. Обезьянка, верный друг Алладина.
10. Сильный и бесстрашный сын грозного Бога Зевса
12. Рыжеволосая принцесса «храбрая сердцем».
14. Зловещая морская ведьма из «Русалочки».
15. Ушастый, веселый, извивый и любопытный друг Микки Мауса.
16. Черноволосая принцесса, возлюбленная Алладина.
17. Смелый и любознательный львенок, который стал королем.
19. Добрый, толстый и музыкальный аллигатор из мультика «Принцесса и Лягушка».
20. В меру упитанный кабан из мультфильма «Король Лев».
22. Она потеряла на балу хрустальную туфельку.
24. Как звали принцессу Атлантики с зеленым хвостом?
26. Король обезьян в мультфильме «Маугли».

*По вертикали:*

1. Принцесса с рыбьим хвостом.
2. Толстый наставник и друг Маугли.
3. Умный, хитрый и коварный брат Муфасы в мультике «Король Лев».
6. Темнокожая девушка, превратившаяся в лягушку.
8. Неустрашимый герой тропических джунглей, ставший их царем.
11. Возлюбленная Геркулеса.
12. Отважный мальчик, выросший в стае волков.
13. Синий дух из волшебной лампы.
15. Крылатый подарок владыки Олимпа сыну на день рождения.
18. Смелая и храбрая принцесса, которая отрезала свои длинные, черные волосы перед походом на войну.
21. Император, превращенный в Ламу.
23. Ручной хамелеон, друг принцессы Рапунцель.
25. Забавный и симпатичный дракончик из мультфильма «Мулан».

# Герои мультфильмов «Дисней»



# Бастауыш сыныптарда жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану.

*Дайырова Маржан Жұманазарқызы*



*Сабақ беру – үйреністі жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер»*

*Жүсіпбек Аймауытов*

Бастауыш мектеп-оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды қайталанбас кезең. Сондықтан бастауыш білім — үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын да жауапты жұмыс. Бастауыш мектеп балаға білім ғана беріп қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, жағдайларды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді. Оқушыларға білім жүйесін терең әрі тиянақты беру үшін оқыту әдісін жетілдіру-әр ұстаздың жеке міндеті. Оқушылардың сабақтағы қызығушылығы мен белсенділігін қалыптастырудың жолдары сан алуан. Біздің міндетіміз – оқушыларға білім беруде жаңа технологиялар мен жаңаша оқыту әдістерін тиімді қолдану, білім сапасын көтеру, жан-жақты дамыту. Жаңа технологиялар баланы тек үйретуші ғана емес өзіндік ой-пікірі бар, жан-жақты дамыған дара тұлға дәрежесіне дейін тәрбиелеуді мұрат тұтады. Түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі. Оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады. Оқушыларды ізденіске баулып өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді. Олардың қабілеттері, сөз саптау еркіндігі, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады. Бастауыш сынып оқушылары жаны жаңалыққа құмар, барлығын игеріп, білгілері келіп тұрады. Сондықтан да жаңа технологияларды бастауыш сыныпқа пайдаланудың маңызы зор. Бүгінде бастауыш мектептерде жиі қолданылып жүрген технологиялардың бірі «Сын тұрғысынан оқу мен жазуды дамыту» технологиясы. Сонымен қатар «Ойын арқылы оқыту» технологиясын бастауыш сынып мұғалімдері жиі пайдаланады, себебі

бастауыш сынып оқушыларын оқуға тек ойынмен ғана қызықтыруға болады. Ойын ойды қозғайды. Ойын – баланың интеллектуалдық ой-өрісін тереңдей түсуіне, шығармашылықпен ойлауына алып келеді, білім сапасын арттырады. Мысалы сабақ барысында оқушылардың білімін шыңдау үшін «Адасқан әріптер», «Қызық сөздер», «Сөзден сөз тер», «Ғажайып шаршы» т.б. ойын элементтерін жиі қолданып отырамын. «Адасқан әріптер» ойыны.

Мақсаты: Логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру.

Ойын шарты: Берілген әріптердің орнын ауыстыра отырып, сөз құрау.

Мысалы:

Қ, у, о, ы, ш – оқушы

Т, п, і, к, а — (кітап)

І, і, б, л, м- (білім)

М, м, ғ, ұ, а, л, і — (мұғалім)

р, о, б (бор)

қ, ы, а, з, қ (қазық)

а, ш, а, ғ (ағаш)

а, л, а, д (дала)

к, т, е, р, е, м, е (керемет)

«Қызық сөздер» ойыны.

Мақсаты: логикалық ойлау деңгейін жетілдіру, сөз мағынасын түсіндіру.

Ойын шарты: Мына сөздердің ішінен солдан оңға қарай оқығанда жаңа сөз шығатын сөздердің теріп жазу. Сөз мағынасын тусіндіру.

Ішік Есек

Тымақ Қыран Балта Қысым

Түс Балта

Мысалы: Ішік – кіші

Өз тәжірибемде әр түрлі жаңа технологиялардың элементтерін қолдану арқылы оқушылардың білім сапасын арттыруға болады.

Сабақты әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, түрлендіріп өткізу оқушыларымыздың білімге, оқып –үйренуге құштарлығын арттыратыны анық. «Қызығушылықты ояту» кезеңінде сөзжұмбақ шешу, «Мен бастайын, сен қоста»,

«Кім жылдам» ойынын, ал үй тапсырмасын тексеруде немесе өткенді пысықтауда «Ыстық орындық» әдісін қолдану арқылы оқушылардың білімін тексеріп отырамын.

«Мағыныны тану» кезеңінде, яғни жаңа тақырыппен таныстыруда «Көр, жаз, тексер» әдісін жиі ұсынамын. Бұл әдістің тиімділігі оқушылардың ойын, қиялын, есте сақтау дағдысын қалыптастырады. Бұл әдістің мақсаты: есіктің сыртына жаңа сабақ тақырыбын ашатын мәлімет жазылады. Оқушылар біртіндеп шығып, оқып, есте сақтап, келіп қағазға жазады, соңынан тексереді. Соңында жаңа сабақтың тақырыбы ашылады.

Сабақтың қорытынды бөлімі «Ой толғаныс» кезеңінде эссе жазу, «Синквейн» стратегиясы» «бес жолды өлең» құрастыру», «Артық затты тап» әдіс-тәсілдерін пайдаланамын.

«Автор орындығы» әдісін шығармашылық жұмыс орындау барысында жүргізіп отырамын. Мысалы тақырыпқа сай ой шапшаңдығын, сөз байлығын дамытуда өлең шумақтарын құрастыру, арнаулы бір тақырыпта пікірталас тудыру. Сабақты түрлендіріп өткізу оқушылардың сабаққа деген ынта-жігерін арттырады. Оқушыны өз бетімен жұмыс істеуге дағдыларын қалыптастыру белгілі бір бала бойында тұрақтылық пайда болып, шығармашылықты тудырады. Қабілетті ұштайды, дарынды оятады, нәтижелі жеке тұлға қалыптастырады.

Сабақ барысында оқушылар «сәйкестендіру», «Екі» көпіршік» әдісі арқылы салыстыру, топтастыру, теріп жазу. Логикалық ойлауын дамытатын ойындар мен берілген тапсырмаларды шешу. Әңгіменің ұқсастығын салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қою сияқты өздігінен орындайтын тапсырманы да белсене орындайды.

Ұстаз қандай әдіс-тәсілді қолданса да, мақсат біреу – ол оқушыларға тиянақты да сапалы білім беру.

«Фишбоун» әдісінің тиімділігі берілген мәлімет бойынша өздері сұрақ қойып, жауабын топтық жұмыста талқылауға, ой қорытуға белгілі бір қорытындыға келуге жетелейді. Балықтың басына: зерттелетін, қаралатын, талқыланатын тақырып жазылады.

Оң жақ қабырға сүйектеріне: анықтаған проблема себептері, тақырыптың негізгі мазмұндары мен түсініктері жазылады. Сол жақ қабырға сүйектеріне: проблемаларды шешу жолдары, қарама-қайшылық тудырушы кедергілер жазылады.

Балықтың құйрығына: анықталған жұмыстың нәтижесі мен талданған тақырыптың қорытындылау сұрағына жауап жазылады.

«Кубизм» әдісі (сұрақтар)

«Бес саусақ» әдісі.

1. «Бас бармақ» — басты мәселе. Бүгінгі сабақта ең құнды мәселе не болды?

2. «Балалы үйрек» — бірлесу. Қалай жұмыс жасадым, кімге көмек бердім, кімді риза жасадым?

3. «Ортан терек» — ойлану. Мен бүгін білім мен тәжірибе алдым?

4. «Шылдыр шүмек» — шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

5. «Кішкентай бөбек» — көңіл-күй ахуалы. Мен сабақта өзімді қалайша сезіндім? Бұл әдіс сабақтың қорытынды бөлімінде кері байланыс жүргізгенде тиімді. Өйткені бүгінгі жасаған жұмысына талдау жүргізеді. Келесі жолы қандай өзгеріс енгіземін деп ойланады.

Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын оятатын, олардың ой-өрісінің, ауызша және жазбаша сөйлеу қабілетінің дамуына дәнекер болатын, өздігінен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыратын жұмыс түрі-топтық жұмыс. Мысалы «Постер» құру сияқты топтық жұмысты қолдану барысында оқушылар бір-бірімен пікір алмасады, дәлелдейді, өз ойларын ортаға салады. Пікірлер алмасу кезінде нәтижесінде оқу материалдарын жылдам және жақсырақ игереді, қиындықтарды бірге шешеді. Сонымен бірге сабақтың ұйымдастыру кезеңінен бастап қорытынды бөліміне дейін диалогтық оқытуды қолдану балалардың тілін дамытуда көп көмегін тигізеді. Бұл жұмысты көбіне «НОУ ХАУ» әдісі арқылы өткізу өте тиімді, қызықты. Балалардың ойлау қабілетін дамытуда «алты ойшыл қалпақ» әдісі кең пайдаланылады. Сабақ барысында аталған әдіс-тәсілдерді пайдалану оқушының бойында өз-өзіне сенімділік ұялатады, өзге балаға қарап бой түзеуге ұмтылады, өзгені үйрете отырып, өзі көп нәрсені үйренеді, Көшбасшылық қабілеттері қалыптасады. Қазіргі заман талабына сай өсіп келе жатқан жеткіншек жаңаша көзқарасқа тым жақын. Сондықтан оқушы қызығушылығын арттыру үшін түрлі әдіс-тәсілдерді қолданғанымыз жөн. Қандай технологияны пайдаланған кезде де оқушының белсенділігі, мақсатқа ұмтылуы, ақпаратты өзі іздеп табуы, шапшаңдығы мен еркіндігі, шығармашылдығы, көңіл-күйінің көтеріңкі болуы қамтамасыз етіледі.

Қорыта келе айтарым, білім беру жүйесінің ең маңызды да күрделі сатысы – бастауыш сынып, сондықтан осы жаңа технологияларды пайдалана отырып, бастауыш сыныптарда білім сапасын көтеру білімнің басты негізі болып табылады.

## МЕНІҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ҮЛЕСІМ

*«Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым,  
жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы  
ұстаздан болады.»*

*А. Құнанбаев*

Әркім өз жолын тауып кететіндей бала тәрбиесі жеңіл нәрсе ме? Жоқ «бала тәрбиесі – өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер», - деген екен М.Жұмабаев. Қандай тауып айтылған даналы сөз десейсіңші. Тәрбие арқылы адам тағдыры шешілетінін, оның білімді тұлға болып қалыптасатынын, елдің берік тілегі болатынын көрсетеді.

Бала тәрбиесіне, келер ұрпақ тәрбиесіне қай кезеңде болса да қай елде, қай ұлтта болмасын үлкен мән берілген. Өйткені бала-біздің болашағымыз. Ол үшін балаларды жаман, жақсы деп бөлмей, аяғын нық тұруға көмектесу керек. Бау-бақшаны баптап, күтіп суарсаң ғана жемісіне кенелесің. Баланы теріс мінездерін үнемі қадағалап, түзету-қоршаған ортаның, яғни ата-ана мен мектептің міндеті. «Тәрбие басы-тал бесік», «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің!» деген қазақтың мағыналы сөздерінде үлкен астар бар сияқты.

Еліміздің егемендігін алып, тәуелсіздік туы биікке көтерілген қазіргі кезеңде балаларды қоғамның лайықты ізбасары етіп дайындау, тәрбиелеп шығару үшін мектепке оқу, тәрбие жұмыстарын көбейтіп, ұлттық ұлағаттылыққа баулып отыруымыз қажет. Қазіргі заман талабына сай оқу-тәрбие жұмысының түрлері, өткізу іс-шаралары үнемі өзгеріп жаңарып дамып отыр. Менің бала тәрбиесіндегі үлесім әзірге кішігірім деп айтсам болады. Баланың қалыптасуына ықпал етіп дамуына үлес қосатын мұғалімнің есте ұстар жағдайлары аз емес. Өзім мұғалім болғандықтан бала тәрбиесіне тікелей араласып келемін. Мұғалім балаға материалдық жағдай жасамағанымен, оның өміріне азық болар ең қымбат асыл қасиеттер – адамгершілік құндылықтарымен қамтамасыз етеді. Балаларға үлкендермен қалай сәлемдесуді,

үлкеннің сөзін тыңдауды, және үлкендерге көмек көрсетуді үйретемін. Ер бала сабақтан тыс ата-анасына үй жұмыстарына көмек беруді үнемі айтып отырамын. Атқа мініп бәйге шабу, көкпар тарту баланың денсаулығының мықты болуына, жүректі, алғыр намысшыл көпшілікпен еркін ойын ашық айтуды үйретуіміз керек. Дінімізді, тілімізді, салт-дәстүрімізді біліп өскен бала өскенде елімізге адал, мықты, азамат болатынын кызірден айту керек. Қазақ халқында «Қыз – елдің көркі, гүл – жердің көркі» деген мақал бар. Мақалдың мәні қыз баланың нәзіктігін, сүйкімділігін, салтқа беріктігін білдіреді. Өйткені қыз баланың тәрбиелі, әдепті болып өсуіне оның өскен құрдастарының, дос – жарандарының әсері мол. Халқымыздың «Қызың өссе, қызы жақсымен ауылдас бол», «Қызға қырық үйден тыю» деген нақыл сөздері өмір тәжірибесінен алынғаны сөзсіз. Сондықтанда қыз баланың бойында ақылдылық, инабаттылық сынды жақсы қасиеттер жастайынан қалыптасуы тиіс. Халық «Өнерсіз қыздан без, өнегесіз ұлдан без» деп тегін айтпаған. Абай атамыз «Ары бар, ақылы бар, ұяты бар ата – ананың қызынан қапы қалма» деген сөзі қыздың тәрбиесі, оның ата-анасына да көп байланыс екенін білдіріп тұрғандай. Ата-бабамыз ұл баланы ертеңгі абыройлы әке, қадірлі отағасы, елді қорғайтын ер, батыр, би ақын, ұлттың намысты азаматы ретінде әділдікке, қайсарлыққа, кешірімді болуына, өнерге, білімге, салт-дәстүрімізді сақтауға тәрбиелеген. Ұл бала – қазақта шаңырақ иесі, ер-азамат ата-ананың отын тұтатушы болып саналады. Ертеңгі ана, бүгінгі қыздарымызды тәрбиелеу ананың және барша қауымның міндеті. «Қыз» ең қасиетті сөз. Қасиетті болатыны бүкіл азамат қыздан тарайды. Халқымыз бой жеткен қыздың алдына келешектегі өмірлік санаған.



# ТҰРАН

## Тынысы

№1 (1) / Мамыр 2021 жыл

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ТАНЫМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

2021 жылдың мамыр айынан бастап шыға бастады.  
Жарты жылдықта бір рет шығады.

№3 (3) 2023 жыл  
Ақпан



**Бас редактор:**  
Сарманова Асия Анарбековна

**Шығармашылық топ:**  
Абдулдаева Шынар  
Жаппарова Гулжахан  
Дайырова Маржан  
Ақкөзова Гулнар

**Кооректорлар:**  
Садирова Ұлжалғас  
Медетбекова Асем



TURAN  
МЕКТЕБИ

«Turan mektebi» ЖШС

**Мекен-жайы:** Шымкент қаласы,  
Қаратау ауданы, Тұран мөлтек ауданы,  
Тамды-Ару көшесі №2186, №2187

**Байланыс нөмірлері:** 8700-568-01-01  
8775-477-86-01

**Инстаграм:** turan\_mektebi\_  
**Фейсбук:** turan.mektebi  
**Эл.почта:** turan.mektebi@mail.ru

# Әліппемен қостасу



**1Ә сынып**



**1А сынып**



**1В сынып**

